



"БАЙЛАНЫСҚҰРЫЛЫСШЫ" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 8 ақпан N 147. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1996.04.19. N 475 қаулысымен.

Байланыс құралдарын өндіру мен дамытудың тиімділігін арттыру, байланыс құрылысы кешенін басқарудың құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Құрамында N 1 қосымшаға сәйкес кәсіпорындары мен акционерлік қоғамдары бар республикалық "Қазбайланысқұрылыс" мамандандырылған құрылыс-монтаж жалгерлік бірлестігі негізінде "Байланысқұрылысшы" (бұдан былай - Компания) Мемлекеттік акционерлік компаниясы құрылсын.

2. "Байланысқұрылысшы" Мемлекеттік акционерлік компаниясына:
байланыс объектілерінде құрылыс-монтаж жұмыстарын атқаратын, байланыс жабдықтарын және кабель өнімдерін шығарумен шұғылданатын, әр түрлі нысандағы меншік иелері болып табылатын кәсіпорындар мен мекемелердің әрекеттерін үйлестіру;

бірегей және ірі байланыс объектілерінің құрылысын жүргізу жөніндегі бас мердігер ұйымының міндетін атқару;

Компания құрамына кіретін құрылыс кешені бөлімдерінің техникалық және қаржы-экономикалық біртұтас саясатын қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

мемлекет мүлкі мен республикалық "Қазбайланысқұрылыс" мамандандырылған құрылыс-монтаж жалгерлік бірлестігінің ұжымдық мүлкі негізінде Компанияның мүліктік кешенін жасақтау жөнінде жұмыс жүргізсін;

бір ай мерзімде Компанияның құрылтай құжаттарын бекітетін болсын;

"Қазбайланысқұрылыс" бірлестігінің құрылымдық бөлімшелерін акционерлік қоғамға айналдыру жөніндегі жұмыстар жүргізілсін;

бірлестікке енетін кәсіпорындардың негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың акциялар пакетін бірлестіктің мүлкімен бірге Компанияның жарғылық қорына берсін;

"Қазбайланысқұрылыс" бірлестігінің байланыс жабдықтары мен кабель өнімдерін шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорындардағы үлесін N 2 қосымшаға

сәйкес Компанияның жарғылық қорына енгізсін;

Компанияның еңбек ұжымына мемлекеттік мүлік құнының 10 процент

акциясын артықшылық акция ретінде берсін.

4. "Байланысқұрылысшы" Мемлекеттік акционерлік компаниясы таратылатын республикалық "Қазбайланысқұрылыс" мамандандырылған құрылыс-монтаж бірлестігінің мүліктік құқы мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

5. Компания басқармасы таратылатын "Қазбайланысқұрылыс" бірлестігінің алаңына: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 295 мекенжайы бойынша орналастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 8 ақпандағы
N 147 қаулысына
N 1 қосымша

"Байланысқұрылысшы" Мемлекеттік акционерлік
компаниясының құрамына енетін кәсіпорындар мен
акционерлік қоғамдардың
Тізбесі

I. Республикалық "Қазбайланысқұрылыс"
мамандандырылған құрылыс-монтаж бірлестігі мынадай
құрамда:

Алматы ЖМК-сы, Алматы қаласы, Москвин көшесі, 9
Ақтөбе ЖМК-сы, Ақтөбе қаласы, п/ж 1
Жамбыл ЖМК-сы, Жамбыл қаласы, Загородная көшесі, 17
Қызылорда ҚМБ, Қызылорда қаласы, Қазанның 60 жылдығы
көшесі, 157

Маңғыстау ҚМУч, Ақтау қаласы, п/ж 100, Өнеркәсіп базасы
Семей ЖМК-сы, Семей қаласы, Жомартбаев көшесі, 5
Семейдің құрылыс материалдарын және конструкцияларын жасау
жөніндегі полигоны, Семей қаласы, Рысқұлов көшесі, 36
Орал ЖМК-сы, Орал қаласы, Производственная көшесі, 1а
Шымкент ЖМК-сы, Шымкент қаласы, Ленгер жолы, 5 км

II. "Қазбайланысқұрылыс" бірлестігінің

құрылымдық бірлігі негізінде акционерлік қоғамдар
"Аламтытелефонқұрылыс" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы,
Данченко көшесі, 24
"Қазбайланысмонтаж" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы,
Ленин проспекті, 95
"Шығысбайланысқұрылыс" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы,
Школьное жолы, 209/1
"Атыраутелефонқұрылыс" акционерлік қоғамы, Атырау қаласы,
Гагарин көшесі, 68
"Байланыс" акционерлік қоғамы, Талдықорған қаласы, Шавров
көшесі, 17

III. "Қазбайланысқұрылыс" бірлестігінің құрамына
енетін кәсіпорындар

"Эра" ұжымдық кәсіпорны, Орла қаласы, Полевая көшесі, 3
"Байланысшы" ұжымдық кәсіпорны, Алматы қаласы, 2-Остроумов
көшесі, 1а
"Тараз" Байланысқұрылысжиынтық шағын кәсіпорны, Алматы қаласы,
Төле би көшесі, 295
Жалгерлік кәсіпорны-шаруашылық есептегі шеберхана, Алматы
қаласы, Төле би көшесі, 295

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 8 ақпандағы
N 147 қаулысына
N 2 қосымша

Үлесі "Байланысқұрылысшы" Мемлекеттік акционерлік

компаниясының жарғылық қорына енгізілген, жабдықтар мен
кабель өнімдерін шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорындар

Тізбесі

"ВЕСНЕТ" бірлескен кәсіпорны, Павлодар қаласы

"КОМТЕЛ" бірлескен кәсіпорны, Орал қаласы

"ХЕС" - "Байланыс" бірлескен кәсіпорны, Семей қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК